

Өрт, өнеркәсіптік қауіпсіздік және Азаматтық қорғаныс саласындағы жеке кәсіпкерлік аясына жатпайтын объектілер үшін тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері мен тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2013 жылғы 08 тамыздағы № 350 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 қыркүйекте № 8689 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 833 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 шілдедегі № 646 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.07.2015 № 833 және ҚР Ішкі істер министрінің 30.07.2015 № 646 бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

- 1) Өрт, өнеркәсіптік қауіпсіздік және Азаматтық қорғаныс саласындағы жеке кәсіпкерлік аясына жатпайтын объектілер үшін тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;
- 2) мынадай өрт қауіпсіздігі саласындағы тексеру парақтарының нысандары:
 - автокәсіпорындар үшін, осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;
 - әкімшілік объектілер үшін, осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;
 - мұрағаттар үшін, осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;
 - демалыс үйлері мен аймақтары, жазғы сауықтыру лагерлері және туристік базалар үшін, осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;
 - көп қабатты тұрғын үйлер мен жатақханалар үшін, осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;
 - мәдени-ойынсауық және спорттық мекемелер үшін, осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;
 - діни құрылыстар үшін, осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;
 - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің объектілері үшін, осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;
 - денсаулық сақтау объектілері үшін, осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;
 - білім беру объектілері үшін, осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес;

Өрт, өнеркәсіптік қауіпсіздік және Азаматтық қорғаныс саласындағы жеке кәсіпкерлік аясына жатпайтын объектілер үшін тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Өрт, өнеркәсіптік қауіпсіздік және Азаматтық қорғаныс саласындағы жеке кәсіпкерлік аясына жатпайтын объектілер үшін тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері (бұдан әрі – Өлшемдер) «Өрт қауіпсіздігі туралы», «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы», «Азаматтық қорғаныс туралы» және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді.

2. Өлшемдер ұйымдарды, қауіпті өндірістік объектілер мен техникалық құрылғыларды, Азаматтық қорғаныстың басқару органдарын анықтау және жоспарлы тексерістер жүргізу үшін тәуекел дәрежесіне жатқызу кезінде қ о л д а н ы л а д ы .

3. Тәуекел – адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, өрттің, авариялардың, оқиғалардың туындауы және Азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындамау нәтижесінде мүлікке және қоршаған ортаға зиян келтіру ықтималдығы.

2. Өрт қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері

4. Жоғары тәуекел дәрежесіне мынадай объектілер жатады:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы объектілері;
- 2) орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары;
- 3) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы орталық аппаратының о б ь е к т і л е р і ;
- 4) Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты;
- 5) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі;
- 6) ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс, ішкі істер, қаржы полициясы, кедендік бақылау, Президенттің Күзет қызметі, Республикалық Ұлан мен ТЖМ о б ь е к т і л е р і ;

- 7) қазандықтар - ауданына қарамастан;
- 8) оқ-дәрілерді сақтау, жою (құрту, пайдаға асыру, көму) және қайта өңдеу объектілері;
- 9) жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша ғимараттар мен үй-жайлардың санаттары «А», «Б» және «В1»-«В4», құрылыстарының жалпы ауданы 3500 шаршы метрден астам объектілер, ауданы 3500 шаршы метрден астам газ баллондарын, ағаш материалдарын, көмірді, өзге де жанғыш материалдар мен ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған ашық түрдегі қоймалар;
- 10) әлеуметтік сала объектілері (қарттар мен мүгедектер үйлері, балалар үйлері, интернат үйлері, балалар мен мүгедектерге арналған психоневрологиялық орталықтар) - ауданына қарамастан;
- 11) білім беру ұйымдары - ауданына қарамастан;
- 12) мәдени ойын-сауық, діни ғибадат объектілері - бір мезгілде 100 және одан астам адамның келуі;
- 13) спорт және дене шынықтыру, сауықтыру кешендері - бір мезгілде 100 және одан астам адамның келуі;
- 14) стационары бар денсаулық сақтау ұйымдары - ауданына қарамастан;
- 15) бір мезгілде 100 және одан астам адам келетін демалыс үйлері және аймақтары, туристік базалар, балалардың жазғы сауықтыру лагерьлері (палаткалы қалашықтардан басқа);
- 16) жатақханалар - сыйымдылығы 100 және одан астам адам;
- 17) мұрағаттар - ауданына қарамастан;
- 18) орман шаруашылығы мекемелері;
- 19) автокәсіпорындар - техника саны 100 бірліктен астам;
- 20) шаруашылық ауыз су және өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерін пайдалану және техникалық қызмет жөніндегі қызметті жүзеге асыратын су шаруашылығы ұйымдары;
- 21) Қазақстан Республикасы ТЖМ Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің объектілері.

5. Орташа тәуекел дәрежесіне мынадай объектілер жатады:

- 1) аудандардың (облыстың маңызы бар қалалардың), кенттердің, ауылдардың жергілікті атқарушы органдары;
- 2) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының облыстық, республикалық маңызы бар қалалық және астананың, аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) объектілері;
- 3) жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша ғимараттар мен үй-жайлардың санаттары «А», «Б» және «В1»-«В4», құрылыстарының жалпы ауданы 3500 шаршы метрден кем объектілер, ауданы 3000 шаршы метрден кем газ баллондарын, ағаш материалдарын, көмірді, өзге де жанғыш материалдар мен

ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған ашық түрдегі қоймалар;

4) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары – құрылыстарының жалпы ауданы 1000 және одан астам шаршы метр;

5) балалар мен мүгедектер тәулік бойы болмайтын психоневрологиялық орталықтар – ауданына қарамастан;

6) мәдени ойын-сауық, діни ғибадат мекемелері - бір мезгілде 100 адамнан кем келуі ;

7) спорт және дене шынықтыру сауықтыру кешендері – бір мезгілде 100 адамнан кем келуі ;

8) бір мезгілде ғимаратта 100 адамнан кем келетін демалыс үйлері және аймақтары, туристік базалар, балалардың жазғы сауықтыру лагерьлері (палаткалы қалашықтардан басқа);

9) әкімшілік ғимараттарда орналасқан ұйымдар – жалпы ауданы 1000 және одан астам шаршы метр, сондай-ақ ауданына қарамастан биіктігі 28 метрден астам ;

10) жатақханалар - сыйымдылығы 100 адамнан кем;

11) биіктігі 28 метрден жоғары көп пәтерлі тұрғын үйлер мен оларға қызмет көрсететін ұйымдар ;

12) автокәсіпорындар - техника саны 50-ден 100 бірлікке дейін.

6. Болмашы тәуекел дәрежесіне мынадай объектілер жатады:

1) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары – құрылыстарының жалпы ауданы 1000 шаршы метрден кем;

2) әкімшілік ғимараттарда орналасқан ұйымдар – жалпы ауданы 1000 шаршы метрден кем ;

3) биіктігі 28 метрден кем көп пәтерлі тұрғын үйлер;

4) тұрғылықты жері бойынша балалар мен жасөспірімдердің клубтары;

5) аэродромдар – ауданына қарамастан;

6) автокәсіпорындар - техника саны 50 бірліктен кем.

7. Жүргізілген жоспарлы тексеру қорытындысы бойынша өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылықтар болмаған жағдайда бақылау субъектісі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген кезеңділікке сәйкес жоспарланған кезекті жоспарлы тексеруден босатылады.

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері

8. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

міндетті декларациялануға жататын объектілер жатады, оларда:

1) мынадай: тұтанғыш, жарылғыш, жанғыш, тотықтандырғыш, уытты, жоғары уытты, қоршаған орта үшін қауіп тудыратын; құрамында адамның денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпті заттары бар өндіріс қалдықтары; радиоактивті және ионды сәулелену көздері бар қауіпті заттардың бірі өндірілетін, пайдаланылатын, қайта өңделетін, түзілетін, сақталатын, тасымалданатын, жойылатын;

2) кара, түсті, бағалы металдардың балқымалары және олардың негізінде алынатын қорытпалар жасалатын;

3) тау-кен, геологиялық барлау, бұрғылау, жарылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру және минералды шикізатты қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар, жер асты жағдайындағы жұмыстар жүргізілетін.

Сондай-ақ, тәуекелдің жоғары дәрежесіне даярлаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет мерзімін өтеген мынадай техникалық құрылғыларды (шахталық қауіпті техникалық құрылғыларды қоспағанда) пайдаланатын қауіпті өндірістік объектілер жатады:

1) 0,07 мегаПаскальдан жоғары қысыммен немесе 115 Цельсий градусынан жоғары судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін техникалық құрылғылар;

2) жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер.

9. Тәуекелдің орташа дәрежесіне технологиялық үдерісті тоқтататын және өндірістік персоналдың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін авариялар, инциденттер туындауы мүмкін, міндетті түрде декларациялануға жатпайтын объектілер жатады, оларда:

1) мынадай: тұтанғыш, жарылғыш, жанғыш, тотықтандырғыш, уытты, жоғары уытты, қоршаған орта үшін қауіп тудыратын; құрамында адамның денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпті заттары бар өндіріс қалдықтары; радиоактивті және ионды сәулелену көздері бар қауіпті заттардың бірі өндірілетін, пайдаланылатын, қайта өңделетін, түзілетін, сақталатын, тасымалданатын, жойылатын;

2) кара, түсті, бағалы металдардың балқымалары және олардың негізінде алынатын қорытпалар жасалатын;

3) тау-кен, геологиялық барлау, бұрғылау, жарылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру және минералды шикізатты қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар, жер асты жағдайындағы жұмыстар жүргізілетін.

Сондай-ақ, тәуекелдің орташа дәрежесіне даярлаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет мерзімін 50 % бастап, 100 % дейін өтеген мынадай техникалық құрылғыларды (шахталық қауіпті техникалық құрылғыларды

қоспағанда) пайдаланатын қауіпті өндірістік объектілер жатады:

1) 0,07 мегаПаскальдан жоғары қысыммен немесе 115 Цельсий градусынан жоғары судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін техникалық құрылғылар ;

2) жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер .

10. Тәуекелдің төменгі дәрежесіне даярлаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет мерзімін 50 % асырмай өтеген мынадай техникалық құрылғыларды (шахталық қауіпті техникалық құрылғыларды қоспағанда) пайдаланатын қауіпті өндірістік объектілер жатады :

1) 0,07 мегаПаскальдан жоғары қысыммен немесе 115 Цельсий градусынан жоғары судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін техникалық құрылғылар ;

2) жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер ;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында аттестатталған және қауіпті өндірістік объектілерде жұмыстарын жүзеге асырушы ұйымдар.

11. Қауіптілігі жоғары, орташа және шамалы дәрежесіне жатқызылған қауіпті өндірістік объектілер және техникалық құрылғылар тексерулер жоспарына енгізіледі .

12. Объекті немесе техникалық құрылғы тәуекелінің аса жоғарғы тобына қатысы үшін негіз болуға жағдай жасаған қауіпті өндірістік фактордың зақымдану әсерін жою немесе төмендету кезінде объект немесе техникалық құрылғы тәуекелділіктің төменірек дәрежесі тобына өтеді.

Бір топтағы тексерістер техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың, авариялар мен қақтығыстар көрсеткіштерінің өсу үдерісі бар объектілерден немесе техникалық құрылғылардан басталады.

4. Азаматтық қорғаныс саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері

13. Азаматтық қорғаныстың басқару органдарын (бұдан әрі - Бақылау субъектілері) тәуекел дәрежелеріне жатқызу бастапқы және кейінгі бөлу арқылы жүзеге асырылады. Бастапқы бөлу кезінде Бақылау субъектілері келесі түрлерге бөлінеді .

1) Жоғары тәуекел дәрежесіне: өнеркәсіптің, көлік-коммуникация кешенінің, энергетиканың, байланыстың жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан, қайта жаңартылатын және жобаланатын қауіпті өндірістік объектілері бар әрі маңызды мемлекеттік және экономикалық

объектілер үшін тәуекелдер
дәрежесін бағалау өлшемдеріне
қосымша

Азаматтық қорғаныс саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері

№ р/с	Критерийлердің атаулары	Баллдарды беру шарттары	
1.	Азаматтық қорғаныс саласындағы ұйымдастырушылық қызметті қамтамасыз ету бойынша талаптарды сақтау	иә	0
		жоқ	20
2.	Бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша жұмыстарды жүргізу	иә	0
		жоқ	10
3.	Бейбіт және соғыс уақытында басқару, байланыс және хабардар ету жүйелерінің дайындығы	иә	0
		жоқ	20
4.	Азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарының бейбіт және соғыс уақытындағы іс-қимылдарға дайындығы	иә	0
		жоқ	10
5.	Төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жою, Азаматтық қорғаныс үшін қаржы және материалдық ресурстар резервтерінің бар болуы	иә	0
		жоқ	10
6.	Азаматтық қорғаныс саласындағы халықты (персоналды) оқыту	иә	0
		жоқ	10
7.	Заманауи зақымдану құралдары ықпалынан және төтенше жағдай туындаған кезде халықты (персоналды) қорғау бойынша іс-шаралар өткізу	иә	0
		жоқ	20

Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар министрінің м. а.
2013 жылғы 8 тамыздағы
№ 350 бұйрығына
2-қосымша

Нысан

Автокәсіпорындар үшін өрт қауіпсіздігі саласындағы тексеру парағы

Тексеру тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеру туралы акт _____

(№ , мерзімі)

Тексеру жүргізу мерзімі _____

Тексеру кезеңі _____

Ұйымның атауы _____

Объектінің атауы _____

Орналасқан жерінің мекен-жайы _____

ЖСН/ БСН _____

№ р/с	Талаптар тізбесі	Орындалғаны туралы белгі		Қажет емес
		орындалды	орындалмаған	
1	2	3	4	5
1. Ұйымдастыру іс-шаралары				
1	Олардың өрт қауіптілігіне сәйкес келетін өртке қарсы режимін белгілейтін бұйрықтың немесе нұсқаулықтың болуы, оның ішінде:			
	1) ашық отты пайдалану тәртібін анықтау және қауіпсіздік шаралары;			
	2) темекі шегуге арналған орынды анықтау және жабдықтау;			
	3) өрт сөндіру автомашиналарының объектіге өту тәртібін анықтау;			
	4) жанғыш қалдықтар мен тозаңды жинау, май болған арнайы киімді сақтау тәртібін анықтау;			
	5) өрт болған жағдайда және жұмыс күні аяқталғаннан кейін электр жабдықтарын токтан ажырату тәртібін анықтау;			
	6) уақытша отты және басқа да өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу тәртібін реттеу;			
	7) үй-жайларды жұмыс аяқталғаннан кейін қарап шығу және жабу тәртібін реттеу;			
	8) жұмыскерлердің өртті байқаған кездегі іс-әрекеттерді реттеу;			
9) мамандықтар (лауазымдар) тізбесін анықтау, өртке қарсы нұсқаулық пен өрт-техникалық минимум бойынша сабақтар өткізу тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ оларды өткізуге жауапты адамдарды тағайындау.				
2	Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтың болуы.			
3	Өрт шыққан жағдайда адамдарды эвакуациялау жоспарларының (схемаларының) болуы			
4	Жекелеген жұмыс учаскелерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін (бұйрықтар, міндеттер, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық журналдар) жауапты адамдардың болуы			
5	Өрт-техникалық комиссиялары мен ерікті өртке қарсы құралымдардың болуы			
2. Аумақты ұстау				
6	Адамдар уақытша болатын ғимараттарға екі жағынан өрт сөндіру автомобильдеріне арналған өту жолдарының болуы			
7	Ғимараттар мен құрылыстар, орман қатарлары, кесілетін материалдар, басқа материалдар мен жабдықтар арасындағы өртке қарсы арақашықтықтарды үйіп тастауға, қоймалап жинау үшін, көлік қою үшін және ғимараттар мен құрылыстарды салу (орнату) үшін материалдарды, жабдықтар мен ыдыстарды пайдалануға жол бермеу			
8	Аумақты (жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ыдыстан, түскен ағаш жапырақтарынан, жанғыш қоқыстан және басқа да жанғыш материалдардан уақытылы тазарту) ұстау.			

9	Сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау көздерін техникалық ұстауға, пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау (өрт сөндіру гидранттарын жылына кемінде екі рет тексеру, қысқы уақытта қар мен мұздан тазарту және оларды жылы ұстау)			
10	Өрт техникасы үшін өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне өту жолдармен қамтамасыз ету			
11	Өртке қарсы сумен жабдықтау көздері орналасқан орындарды өрт қауіпсіздігі белгілерімен және көрсеткіштерімен қамтамасыз ету			
12	Ұйымның аумағында түнгі уақытта өрт гидранттарын, сыртқы өрт сатыларын, өрт сөндіру құралдарының орналасқан жерлерін, сондай-ақ өрт сөндіру су айдындарына өту жолдарын, ғимараттар мен құрылыстарға кіру жолдарын жылдам табу үшін сыртқы жарық беру құралдарының болуы			
3. Ғимараттар мен құрылыстарды ұстау				
13	Ғимараттар мен үй-жайлардан эвакуациялық шығу жолдарының саны, олардың жобалық шешімге сәйкестігі			
14	Эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын пайдаланған кезде мыналарға: 1) эвакуациялық жолдар мен шығуларды (оның ішінде өтетін жерлер, дәліздер, тамбурлар, галереялар, лифт холлдары, саты алаңдары, баспалдақтары, есіктері, эвакуациялық люктер) түрлі материалдармен, бұйымдармен, жабдықтармен, өндірістік қалдықтармен, қоқыспен және басқа да заттармен үйіп тастауға, сондай-ақ эвакуациялық шығу есіктерін шегелеп тастауға; 2) шығу тамбурларында киімге арналған кептіргіштер мен ілгіштер, гардеробты орналастыруға, сондай-ақ керек-жарақтар мен материалдарды сақтауға (оның ішінде у а қ ы т ш а) ; 3) эвакуациялау жолдарында табалдырықтар (есіктердің ойықтарындағы табалдырықтарды есептемегенде), қозғалмалы және көтеріліп-түсірілетін есіктер мен қақпалар, айналатын есіктер мен турникеттер, сондай-ақ адамдарды еркін эвакуациялауға кедергі келтіретін басқа құрылғыларды орнатуға; 4) қабырғалары мен төбелерін өңдеуге, қаптауға және бояуға арналған жанғыш материалдарды, сондай-ақ отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттарды есептемегенде, эвакуациялау жолындағы сатылар мен басқыш алаңдарын қолдануға; 5) саты торларының, дәліздердің, холлдар мен тамбурлардың өздігінен жабылатын есіктерін ашық күйінде бекітуге, сондай-ақ оларды алып тастауға; 6) түтіндемейтін саты торларында ауа аймақтарын шынылауға немесе жалюзимен ж а б у ғ а ; 7) шыныны есіктер мен фрамугтарды армирленген шыныны қарапайым шынымен ауыстыруға жол берілмейді.			
15	Эвакуациялау жолдарында еркін және ғимараттан шығу бағыты бойынша ашылатын есіктер орнату.			
16	Эвакуациялық шығулар есіктеріндегі тиектер ғимарат ішіндегі адамдардың тиектерді ішінен кілтсіз ашу мүмкіндігін қамтамасыз етуі			
17	Баспалдақ маршатрының астында қойма, қосалқы үй-жайлардың болмауы			
18	Жертөле және цокольдық қабаттардан тікелей сыртқа қарай және ғимараттың, құрылыстың, құрылымның ортақ баспалдақ алаңынан оқшауланған эвакуациялық шығу жолдарын орнату			
19	Құрылыс құрастырылымдарының, жылу оқшаулайтын жанғыш материалдардың, жабдықтың металл тіреулерінің және қоймалардың ағаш құрылымдарының өртке қарсы жабынының болуы және олардың жағдайы			
20	Шатыр үй-жайларының, сондай-ақ технология шарттары бойынша адамдардың тұрақты болуы талап етілмейтін техникалық қабаттар мен жертөлелердің есіктерін			

	құлыппен жабуды қамтамасыз ету. Аталған үй-жайлардың есіктерінде кілттердің сақталатын орны туралы ақпараттың болуы.			
21	Шатырларды, техникалық қабаттарды, желдету камераларын және басқа да техникалық үй-жайларды өндірістік учаскелерді, шеберханаларды ұйымдастыру үшін , сондай-ақ өнімді, жабдықты, жиһазды және басқа заттарды сақтау үшін пайдалануға жол бермеу			
22	Жертөлелер терезелері мен шұңқыршаларына саңылаусыз торлар орнатуға (мекеменің қойма үй-жайларын, кассаларын, қару тұратын бөлмелерін, құпия бөлімдерін қоспағанда) жол бермеу			
23	Лифт холлдарында қамбалар, дүңгіршектер, дүкеншіктер орналастыру жол бермеу			
24	Өрт шыққан жағдайда қауіпсіздік аймақтарына жататын балкондарды, лоджиялар мен галереяларды шынылауға жол бермеу			
25	Ғимараттардың өндірістік және қойма үй-жайларында (отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттардан басқа) антресолдар мен бөлгіштер, қызмет көрсететін қосымша бөлмелерді, қамбалар, конторкаларды және басқа жанғыш материалдардан салынған құрамдас үй-жайларды орналастыруға жол бермеу			
26	Нәтижесінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау жағдайы нашарлайтын, өрт сөндіргіштерге, өрт сөндіру крандарына және басқа өрт қауіпсіздігі құралдарына қол жеткізу шектелетін немесе автоматты өртке қарсы қорғау жүйелерінің (автоматты өрт сигналын беру, стационарлық автоматты өрт сөндіру қондырғылары, түтінді кетіру жүйелері, құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелері) әрекет ету аймағы азаятын көлемдік-жоспарлау шешімдерін өзгертуді жүргізуге жол бермеу			
27	Балкондар мен лоджияларда есіктерді, люктерді, аралас секцияларға өтетін жерлерді және сыртқы эвакуациялау сатыларына шығу жолдарын жиһазбен, жабдықпен немесе басқа заттармен үйіп тастауға жол бермеу			
28	Жертөлелер мен цокольдық қабаттарда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, газ толтырылған баллондарды, аэрозольдік буып-түюдегі тауарларды, целлулоидты және басқа жарылыс-өрт қауіпті заттар мен материалдарды сақтауға және қолдануға жол бермеу			
29	Қабаттардағы дәліздерден, холлдардан, көрермен жайынан, тамбурлардан және басқыш шабақтарынан эвакуациялық шығулардың жобада қарастырылған есіктерін, эвакуациялау жолында қауіпті өрт факторларының таралуына кедергі келтіретін басқа есіктерді алып тастауға жол бермеу			
30	Барлық өндірістік және қойма үй-жайлары үшін жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі санаттары, сондай-ақ аймақтар кластары үй-жайлар есіктерінде тиісті белгілермен анықтау			
31	Өрт қауіптілігі жоғары жабдықтың жанында белгіленген қауіпсіздік белгілерінің болуы			
32	Ішкі өртке қарсы сумен қамтамасыз ету жүйесін ұстау, пайдалану (нормалар мен ережелер бойынша қажет болса), атап айтқанда:			
	1) ішкі өртке қарсы су құбырының өрт сөндіру крандары 1,35 м биіктікте орнатылып, түтік құбырлары мен ұңғымалар жиынтықталып және пломбаланатын өрт сөндіру шкафтарына жабылып орнатылуы;			
	2) шкафтың есігінде әріптік "ӨК" индексінің, реттік нөмірінің, жақын өрт сөндіру бөлімінің телефон нөмірінің болуы;			
	3) өрт сөндіретін түтік құбырларды құрғақ, жақсы шиыршықталған және крандар мен ұңғымаларға жалғанған күйінде күтіп ұстау;			
	4) сорғы станциясының үй-жайларында өртке қарсы сумен жабдықтаудың жалпы сызбасы және сорғыларды байлау сызбасының болуы;			

	5) кәсіпорынның электрмен жабдықтауы өрт сөндіру сорғыларының электр қозғалтқыштарының үздіксіз қоректенуін қамтамасыз етуі			
33	Тиістілік нормаларына сәйкес жарамды алғашқы өрт сөндіру құралдарының болуы			
34	Ғимараттардың, құрылымдардың, құрылыстардың және өрт сөндіру бөліктерінің, функционалдық өрт қауіптілік кластарына әртүрлі бөлмелер өзара отқа төзімділігі нормаланған және өрт қауіптілік конструктивтік класстарымен немесе өртке қарсы тежегіштерге бөлінуі			
35	Өртке қарсы тежегіштерде өртке қарсы есіктердің, қақпалардың, терезелердің, люктердің және клапандардың болуы			
36	Белгіленген тәртіпте әзірленген және бекітілген жобалау-сметалық құжаттамасыз ғимараттардың, құрылыстар мен имараттардың функционалдық мәнінің өзгеруіне, күрделі жөндеу жүргізілуіне, техникалық қайта жарақтануына, реконструкциялануына және қайта жоспарлануына жол бермеу			
37	Ғимараттардың, құрылымдар мен құрылыстардың шатырындағы сыртқы өрт сөндіру сатылары мен қоршаулары жарамды күйде болуы			
4. Желдеткіш қондырғылары				
38	Өр түрлі қолданыстағы желдету жүйелерінің түтінге қарсы желдету жүйелерінің және транзиттік арналарының (оның ішінде ауа арналар, жинағыштар, шахталар) ауа арналары мен арналарының құрастырылымдары отқа төзімді болуға және жанбайтын материалдардан жасалуы			
39	Өртке қарсы қалыпты ашылатын клапандар автоматты және қашықтан басқарылатын жетектермен болуы			
40	Желдеткіш камера, циклон, фильтр, ауа өткізгіштерді өндіріс шаңдары мен қалдықтарынан тазалау			
41	Ауа өткізу жолдарындағы отқа кедергі жасайтын (тосқауылдар, шиберлер, клапандардың) автоматты өрт дабылы немесе өрт сөндіру желдеткіш қондырғыларында тосқауылдардың, олардың өрт болғанда желдеткішті автоматты сөндіру қондырғыларының жұмыс істеуі және олардың жобалық құжаттарға сәйкес болуы			
42	Желдеткіш камераларда қандай да бір жабдықтардың және материалдардың сақталуына және оларды жабық күйде ұстауға жол бермеу			
5. Электр желілерін, электр қондырғыларын және электр техникалық бұйымдарды пайдалану				
43	Жарылыс қауіпті аймақтарда дайындаушы-зауыттың жарылыстан және (немесе) өрттен қорғау деңгейі мен түрінің белгісі жоқ электр жабдығын қолдануға жол бермеу			
44	Дайындаушы-кәсіпорынның нұсқаулығында баяндалған қауіпсіздік талаптары бұзылған электр желілері мен электр энергиясын қабылдағыштарды, бұзылулары өрттің туындауына әкелуі мүмкін электр қабылдағыштарын пайдалануға (ұшқын, қысқа тұйықталу, кабельдер мен сымдардың оқшаулауының рұқсат етілгеннен жоғары қызуын, апатқа қарсы және өртке қарсы қорғауды автоматты басқару жүйелерінің істен шығуын тудыратын), сондай-ақ бүлінген немесе қорғаныш қасиеттері мен оқшаулауын жоғалтқан электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға жол бермеу			
45	Бүлінген және бекітілмеген розеткаларды, шаппа қосқыштарды, басқа электрлік қондырғы бұйымдарын пайдалануға жол бермеу			
46	Электрмен қыздырылатын аспаптарды өрт қауіпті үй-жайларда қолдануға жол бермеу			
47	Стандартты емес (қолдан жасалған) электрмен қыздырылатын аспаптарды қолдануға, калибрленбеген балқыма өндірімелерді және ток күшінің көбеюі мен қысқа тұйықталудан қорғайтын қолдан жасалған басқа аппараттарды пайдалануға жол бермеу			

48	Электрлік қалқандар, электр қозғалтқыштар және іске қосу аппаратурасы жанында жанғыш (оның ішінде тез тұтанатын) заттар мен материалдарды орналастыруға (қоймалауға) жол бермеу			
49	Электр сымдары мен кабельдердің жалғаулары мен ұштарын оқшаулаусыз қалдыруға жол бермеу			
50	Электр шамдары мен шырағандарды қағазбен, матамен және басқа жанғыш материалдармен орауға, сондай-ақ шырағанның құрастырылымында қарастырылған қалпақтары (шашыратқыштары) және қорғаныш торлары алынып қалған шырағандарды пайдалануға жол бермеу			
51	Электр үтіктерді, электр плиткаларды, электр шәйнектерді және басқа электрмен қыздырылатын аспаптарды өрттің туындау қаупін болдырмайтын арнайы тұғырықтарсыз (қоректену цокольдері, қыздырғыш дөңгелектер), егер олардың болуы дайындаушы-кәсіпорынның нұсқаулығында қарастырылған болса, пайдалануға жол бермеу			
52	Құрастырылымда қарастырылған жылу реттегіштер болмаған немесе бұзылған кезде электр қыздырғыш аспаптарды қолдануға жол бермеу			
53	Ғимараттарды, құрылымдар мен құрылыстарды жобамен қарастырылған найзағайдан қорғайтын құрылғылардың болуы			
54	Жылына бір рет білікті мамандар немесе мамандандырылған ұйымдармен жүргізілетін найзағайдан қорғау құрылғыларының жерге қосатын құрылғысының электрлік кедергісін өлшеу актісінің болуы			
55	Тез тұтанатын немесе жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш газдар айналатын, сақталатын немесе қайта өңделетін ғимараттардың ішінде және ашық кеңістікте орналасқан металл құрастырылымдарын қайта пайда болатын найзағайдан және статикалық электр зарядтарынан қорғау үшін қорғанышты жерге қосуы болуы			
56	Барлық таратылу құрылғыларының, аппараттарының және өлшеу құралдарының, сондай-ақ айырылу текті қорғау құрылғыларының, тоқ өшіретін және де басқадай аппараттар мен құрылғыларды қосуда тоқ жүретін бөліктері тек қана жанғыш емес негізге (мрамор, текстолит, гетинакс) орнатылуы			
57	Сымдар мен кабельдердің қосылуы, ұшталуы және таралуы өрт жағынан қауіп туғызбас үшін пресстеу, пісіру және күйдірудің немесе арнайы қысқыштардың көмегімен орындалуы			
58	Қосылу және таралу қораптарында қорғаныс қақпақтарының болуы			
6. Ғимараттарды, құрылыстар мен құрылымдарды жылыту жүйесі				
	Жылуды регенирациялайтын аппараттарды пайдалану кезінде (балған кезде, отын түріне тәуелсіз):			
	1) жылуды регенирациялайтын аппараттарды пайдалану шарттарының бұзылуына, осы мақсаттарға қолайсыз үй-жайларға (орындарға) орналастырылуына жол бермеу;			
	2) қандай да ақаулары мен олқылықтары бар жылуды регенирациялайтын аппараттардың пайдаланылуын жол бермеу;			
	3) Жылыту пештері мен жүйелерінің түтін құбырлары, түтіндіктері және басқа элементтері тікелей жылыту маусымының алдында, сондай-ақ көлемінде: - үш айда бір реттен кем болмай - жылыту пештері үшін; - екі айда бір реттен кем болмай - үздіксіз әрекеттегі пештер мен ошақтар үшін тазартылуы;			
59	4) пештерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда қарастырылмаған жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға жол бермеу;			
	5) жанғыш заттар мен материалдарды пештер мен түтіндіктердің беттерінен 0,5 м кем болатын арақашықтықта кептіруге жол бермеу;			

	6) жанғыш заттарды, материалдарды, бұйымдар мен жабдыктарды пештердің оттығының саңылауларына дейін 1,25 м болатын және пештің басқа қыздырылатын бөліктеріне дейін 0,7 м кем болатын арақашықтықта орналастыруға жол бермеу;			
	7) түтін каналының конструкциясында мерзімді түрде оларды қара күйіктен тазалауға арналған технологиялық тесіктің болуы;			
	8) жылуды регенирациялайтын аппараттарда ақаулы есіктердің және жанар-жағар май материалдарынан белгіленген нормаларға сай өртке қарсы бөліктердің (шегіністердің) болуы;			
60	Қатты отындағы жылуды регенирациялайтын аппараттарды пайдалану кезінде (болған жағдайда)			
	1) қатты отынмен жұмыс істейтін жылу өндіргіш аппараттардың от жағатын есігі астындағы жанғыш материалдардан жасалған еден пеш жанындағы оның ұзындығында орналасқан тесіктерсіз 0,5 x 0,7 м кем болмайтын өлшемдегі оттық алдындағы металл табақпен қорғалған болуы;			
	2) жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға жол бермеу;			
	3) қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға жол бермеу;			
	4) пештің оттығынан алып шыққаннан кейінгі қыздырылған және бықсыған материалдар болатын күл және қож өрттің туындау мүмкіндігін болдырмайтын, олар үшін арнайы қашықтатылған жерге әкетіліп, су құйатын орындардың болуы;			
	5) отын (өздігінен лапылдап жанатын көмір) осы үшін арнайы бейімделген үй-жайларда немесе жанатын құрылыстардан 8 м жақын болмай орналасқан, арнайы бөлінген алаңдарда сақтауға жол бермеу			
61	Сұйық отындағы жылуды регенирациялайтын аппараттарды пайдалану кезінде (болған кезде)			
	1) сұйық отында жұмыс істейтін аппаратты орналастыру, жанар-жағар май бағында тұрған барлық жанар-жағар май көлемін авариялық ағызу кезінде сыйатын металл табандық;			
	2) сұйық отынды тек металл герметикалық жанар-жағар май құбырында беру;			
62	Электр калориферлерін қолдану кезінде:			
	1) зауытта жасалған ғана, желдеткіші істемей қалғанда қыздырылатын элементтерге электр энергиясын беруді тоқтататын дабыл қағуы мен шектенуін, сондай-ақ электрлік және жылу қорғанысымен қарастырылған, шығатын ауаның температурасын бақылайтын және оны реттейтін автоматикасы жұмыс істейтін электр калориферлерімен қолдану;			
	2) электр калориферінің дабыл қағуы мен шектенуінің сөніп қалуына жол бермеу;			
	3) электр калориферінде немесе оның жанында киім немесе басқадай жанғыш материалдарды кептіруге жол бермеу;			
	4) электр калорифердің корпусы мен желдеткіштің арасына иілгіш зат ретінде жанатын материалдар қолдануға жол бермеу			
63	Уақытша металл пештерді пайдалану кезінде:			
	1) металл пештері аяқтарының биіктігі кем дегенде 0,2 м.;			
	2) металл пештердің аяқтарын кем дегенде мынадай қашықтықта орналастыру: 1 м – ағаш конструкциялардан, жиһаздан, тауарлардан, стеллаждардан, витринадан, сөрелерден және басқа да жабдықтардан; 0,7 м – тұтанудан қорғалған конструкциялардан; 1,25 м – отындық тесіктен ағаш конструкцияларға және басқа жабдықтарға дейін;			

	3) металл түтін мұржасын терезе арқылы бөлу кезінде онда қойылған алмастыратын бөлігін түтін құбырынан кем дегенде үш диаметрлі өлшеммен жабынды қаңылтыр табағының болуы			
7. Өрт автоматикасын пайдалану				
64	ҚР СН 2.02-11-2002 «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматтандырылған өрт сигналы жүйелерімен, өрт сөндірудің автоматты қондырғыларымен жабдықтау және адамдарды өрт туралы хабардар ету нормалары» талаптарына сәйкес автоматты өрт сигналын беретін жүйелермен, автоматты өрт сөндіру және адамдарды өрт туралы хабардар ету қондырғыларымен жабдықтау			
65	Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғылары тиісті дайындықтан өткен немесе мамандандырылған ұйымдарымен шарт бойынша мамандарымен орындалатын техникалық қызмет көрсету мен жоспарлы-сақтық жөндеуді ұйымдастыру арқылы үнемі жұмыс істеу қалпында болуы.			
66	Өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен жабдықталған объектіде мынадай техникалық құжаттамалардың болуы:			
	1) қондырғыны пайдалануға қабылдау актісі;			
	2) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану бойынша нұсқаулық;			
	3) техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс регламенті;			
	4) техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын алу жөндеулерінің жоспар-кестесі;			
	5) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсету мен жоспарлы - алдын ала жөндеу бойынша жұмыстардың есебін жүргізу журналы;			
	6) жедел (кезекші) маманның кезекшілік кестесі;			
	7) жедел маманның кезекшілікті тапсыру-қабылдап алу журналы;			
	8) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының ақаулықтарын есепке алу журналы;			
	9) газ өрт сөндіру қондырғыларына арналған өрт сөндіру құрамы бар баллондарды өлшеу журналы (олар болған жағдайда);			
	10) кезекші және қызмет көрсету мамандарының, техникалық қызмет көрсету мен жоспарлы-сақтық жөндеу жұмыстарын жүргізуге жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулықтары, техникалық қызмет көрсету мен жоспарлы-сақтық жөндеу жұмыстарын жүргізуге мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттар;			
11) хабарландыру және эвакуацияны басқару жүйелерін пайдаланып адамдарды эвакуациялау бойынша мамандардың дайындығын жүргізу журналы (олар бар болғанда) болуы.				
67	Объектінің қызмет көрсету маманы объектіде жинақталған өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының құрылысы мен жұмыс принципін білуі, « Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» Техникалық регламентінің талаптарын, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану бойынша ережелерді, нұсқаулықтарды білуге және орындауға, регламенттік жұмыстарды белгіленген мерзімде жүргізуге және тиісті пайдалану құжаттамасын жүргізу			
	Автоматты өрт сөндіру қондырғыларын пайдалану кезінде:			
	1) автоматты өрт сөндіру қондырғыларының құбыр жолдарын қандай да бір жабдықты ілу немесе бекіту үшін пайдалануға;			

68	2) автоматты өрт сөндіру қондырғыларының құбыр жолдарына өндірістік жабдықтар мен санитарлық аспаптарды қосуға;			
	3) автоматты өрт сөндірудің спринклерлік қондырғыларының құбыр жолдарында орнатылған ішкі өрт крандарын өртті сөндіруден басқа мақсаттар үшін пайдалануға жол бермеу.			
69	Сорғы станциясының үй-жайларында жұмыс және авариялық жарық берудің, сондай-ақ өрт сөндіру бекетімен (диспетчер бөлмесімен) телефон байланысының болуы			
8. Қосымша талаптар				
70	Көлік құралдарын сақтау үй-жайларын басқа үй-жайлардан 2 үлгідегі өртке қарсы және 3 үлгідегі жабындармен бөлу			
71	Сақтау үй-жайлары мен өндірістік және басқа да кәсіпорындар мен ұйымдарға қызмет көрсететін жылжымалы құрамының ағымдағы жөндеуі мен техникалық қызмет көрсету посттарының өндірістік қойма үй-жайларын аталған үй-жайларды ғимараттың басқа бөліктерінен 2-типті бітеу өртке қарсы қабырғалармен және 3-типті жабындармен бөлінген жағдайда В1-В4, Г және Д санатты ұйымдар мен осы кәсіпорындардың отқа төзімділігі ІІ-дәрежелі өндірістік ғимараттарда орналастыруға жол берілуі.			
72	Жанында салынған және қоса салынған жылжымалы құрамды сақтау үй-жайлары арқылы инженерлік коммуникациялары (су құбыры мен электрмен қамтамасыз етуді қоспағанда) транзитті төселген жағдайда олар, отқа төзімділік шегі EI-150 бітеу құрылыс конструкцияларына бекітілуі.			
73	Құрылған және құрылып жатқан жылжымалы құрамды сақтау үй-жайларының қақпасы ойығының отқа төзімділігі EI-45, ені кемінде 1 метр болатын көлемдегі күнқағарлар қарастырылуы тиіс, күнқағар шетінен бастап қоғамдық ғимарат терезелері ойығының шетіне дейінгі арақашықтық 4 метр, құрылған және құрылып жатқан жылжымалы құрамды сақтау ғимаратының үстіңгі терезесінен бастап қоғамдық ғимаратының астыңғы терезелері ойығының шетіне дейінгі арақашықтық 4 метрден кем болмауы.			
74	Сыртқы қақпалар эвакуациялық шығу жолдары ретінде:			
	1) босағасы жоқ немесе биіктігі 0,1 метрден аспайтын босағасы бар қақпалар болғанда кез келген үлгідегі қақпаларды орналастырған жағдайда пайдаланылуының мүмкіндігі;			
	2) қақпалар сақтау, техникалық қызмет көрсету және ағымдық жөндеу бекеттерінің (қақпа саны бір бірліктен көп болғанда) үй-жайларында орналасқан жағдайда пайдаланылуының мүмкіндігі.			
75	Майлауға арналған материалдарды сақтау үй-жайларында таза және пайдаланылған майларға арналған ыдыстар және оларды тасымалдауға арналған сорғыш жабдықтар үй-жайдың сыртқы қабырғасында орналастырылуы және тікелей сыртқа шығатын есігі болуы тиіс. Жылжымалы құрамның техникалық қызмет көрсету және техникалық жөндеу бекеттерінің үй-жайларында егер көлемі 5 текше метрден аспаса таза және пайдаланылған майларды сақтауға, сондай-ақ майлау материалдарын тасымалдауға арналған сорғыш жабдықтарды орнатуға рұқсат етілуі.			
76	Көлік құралдарының барынша төмен өту ені:			
	1) 6,5 метр сақтау орындарының қабырғалары мен дарбазаларына перпендикулярлы орналасқан кезде – ені 2,3 метр;			
	2) 5,5 метр сақтау орындары үшін дәл солай – ені 3,5 метр;			
	3) 60 ⁰ бұрышында автомобильдерді орналастырған кезде дәл солай – 4,5 метр;			

	4) 45 ⁰ бұрышында автомобильдерді орналастырған кезде – 3,0 метр қабылданады.		
77	10 және одан астам техникалық қызмет көрсету мен ағымдық жөндеу бекеттері немесе 50 және одан астам автомобильдер қарастырылған кәсіпорын аумағының қоршауында кемінде екі кіру (шығу) жолы болуы тиіс. Бекеттері немесе автомобильдерді сақтау орындарының саны аз кәсіпорындар үшін аумақта бір кіру жолын орнатуға болады. Қоршаудағы қақпалардың ойығы 4,5x4,5 метрден кем емес етіп орындалады.		
78	10 және одан астам техникалық қызмет көрсету және ағымдық жөндеу бекеттері немесе 25 астам автомобильдерді сақтау қарастырылатын автомобильдерге қызмет көрсетуге арналған үй-жайларда кемінде екі қақпа болуы қажет.		
79	25 бірліктен астам мөлшерде көлік сақтау үй-жайлары үшін өрт болған жағдайда көлік құралдарын эвакуациялау реті мен тәртібі көрсетілген оларды орналастыру жоспары болады.		
80	Ашық тұрақ аумақтарында көлік құралдарының шағын жөндеуі мен ағымды техникалық қызмет көрсету беті қатты алаңшаларда жүзеге асырылады.		
81	Көлік құралдарының шағын жөндеуі мен ағымды қызмет көрсетуін жүзеге асыруға арналған әрбір алаңшада Техникалық регламенттің «Өрт қауіпсіздігіне жалпы талаптар» атты 4-қосымшаға сәйкес өртке қарсы мүкәммалдың жиынтығымен өрт сөндіру щиттерінің болуы		
82	Көлік құралдарын ашық сақтау гараждарының үй-жайлары мен алаңшаларын өрт немесе басқа да төтенше жағдайлар болған кезде көшіруге кедергі жасауы мүмкін заттар мен жабдықтармен ыбырсытуға жол берілмейді		
83	Көлік құралдарын ашық сақтау гараждарының үй-жайлары мен алаңшалары таза ұсталады. Төгілген жанар-жағармай материалдарына құм сеуіп, дереу жиналады.		
84	Гараждар мен ашық тұрақтарды олардың тура мақсаттарынан тыс (жанғыш материалдарды, газ баллондарын жинау, жөндеу шеберханаларын, сырлау камералары және т.б.) қолдануға жол берілмейді.		
	Үй-жайларда, шатыр астында және ашық алаңшаларда көлік сақтауға		
	1) норма сақталмаған көлемде көлік құралдарын орнатуға, оларды орналастыру жоспарын бұзуға, автомобильдер арасындағы қашықтықты төмендетуге; олардың және ғимараттардың (құрылыстардың) арасындағы қашықтықты азайтуға		
	2) шығу қақпалары мен өту жолдарын ыбырсытуға; ұста, термиялық, дәнекерлеу, сырлау және ағашпен өңдеу жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолданып бөлшектерді шаюға;		
	5) аккумуляторларды тура көлік құралдарында, сондай-ақ осы мақсатқа икемделмеген үй-жайларда оталдыруға;		
85	6) қозғалтқыштарды ашық отпен жылытуға (алау, шамшырақтар, дәнекерлеу шамдары), жарықтандыру үшін ашық от көздерін пайдалануға;		
	7) жалпы тұрақтарда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, сондай-ақ жанғыш газдарды тасымалдау үшін көлік құралдарын пайдалануға;		
	8) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың сыйымдылықтарын сақтауға;		
	9) көлік құралдарын сырлауға, бөлшектерін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жууға;		
	10) қозғалтқыштарын жылытуға, ашық отты қолданып, жөндеу жұмыстарын жүргізуге (шамшырақтар, дәнекерлеу шамдары және басқа да от көздері), сондай-ақ жөндеу және басқа да жұмыстар жүргізген кезде жарықтандыру үшін ашық отты көздерін пайдалануға жол берілмейді.		
	Газ тәрізді отында жұмыс істейтін көлік құралдарын пайдалану кезінде:		

86	1) газды қоректену жүйесі техникалық бұзылған (герметикалық емес) көлік құралдарын жабық үй-жайға тұраққа қоюға жол берілмейді.		
	2) жабық үй-жайда көлік құралының «өзіндік жүру» қозғалысын тек сұйық отында жүзеге асырылады (бензин, дизельді отын);		
	3) көлік құралдарын сақтауға арналған үй-жайларда сұйылтылған көмірсутекті газ өшіктіруді (КГӨ) жүзеге асыруға жол берілмейді;		
	4) қысымды бақылаумен, газды өндірумен, қозғалтқышты жылытумен, карбюратор қоспалауыштарға әр түрлі отын түрлеріне ауыстырып қосу және газ жеткізумен байланысты жүйелер дұрыс жағдайда ұсталады. КГӨ бар баллондардағы сақтандырғыш клапандары, сондай-ақ отын жеткізілуін бұғаттауды қамтамасыз ететін электрлік магнитті клапандар дұрыс жағдайда пайдаланылады. Баллондарды куәландыру екі жылда бір реттен кем емес жүргізіледі.		
	5) КГӨ жабық гараж тұрақтарда және басқа да ішіндегі температурасы 25 ⁰ С асатын, жылытуы бар үй-жайларда қолдану және сақтау		
87	Жанар-жағармай материалдарын таситын автомобильдерді 600 текше метрден аспайтын аталған материалдарды тасымалдауға арналған жалпы сыйымдылықты топтарға бөліп қарастыру қажет, бірақ 50 автомобильден көп болмауы керек. Жанар-жағармай материалдарын тасуға арналған автокөліктердің, сондай-ақ басқа автокөліктерді сақтауға арналған алаң арасындағы қашықтық 12 м кем болмауы тиіс.		
88	10 автомобильге дейін және жалпы сыйымдылығы 30 текше метрге дейін автоцистерналардың жанар-жағармай материалдарын тасымалдауға арналған жылжымалы құрамды сақтау үй-жайларында негізгі қондырғылар тоқтап тұрған кезде автоматты түрде іске қосылатын үш қайтара ауа алмастыру көлемінде жарылыстан қорғағыш механикалық ауа сорғыш желдеткішінің қондырғысын орнату қажет.		
89	Бояу және аккумуляторлық бөлімшелерді (учаскелерді) орналастыруға арналған үй-жайлардың сорғыш желдеткіш жүйесін бір-бірімен және басқа үй-жайлардың сорғыш желдеткіш жүйесімен біріктіруге болмайды.		
90	Газ баллон автомобильдерін жер асты гараж тұрақтарында сақтауға болмайды.		
91	Көлік құралдарын (жеке көлік түрлерінен басқа) сақтайтын ашық алаңдар мен тұрақтарға арналған ғимараттар әрбір 10 көлікке біреуден келетін сүйреткіш арқандармен (штангалармен) жабдыкталады.		
92	Автомобильдерді жөндеуге арналған үй-жайларда (газ автомобильдерінде баллондар газбен толтырулы болғанда) жанармай толтырылған бағы бар автомобильдерге және май толтырылған қартерлерге (№1 ТҚК бойынша жұмыстардан басқа) жөндеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.		
93	Аккумулятор станциялары (шеберханалар) отқа төзімділігі II дәрежеден төмен емес үй-жайларда орналастырылады.		
94	Аккумулятор станцияларының есіктерінде «Аккумулятор бөлмесі», «От қауіпті!», «Отпен кіруге болмайды!», «Темекі шегуге жол берілмейді!» деген жазулар ілінеді.		
95	Қышқылды және сілтілі аккумуляторларды жөндеу, сақтау және зарядтау әр түрлі үй-жайларда жүргізіледі.		
96	Аккумулятор станцияларының үй-жайларында:		
	1) темекі шегуге, от жағуға, электр қыздырғыш аспаптарын пайдалануға;		
	2) бір ауысымдық қажеттіліктен артық қышқылды, сілтіні немесе электролитті сақтауға;		
	3) жұмыс орнында арнайы киімді және басқа да бөгде заттарды қалдыруға жол берілмейді.		

97	Жуу және сырлау цехтері, учаскелер мен бөлімшелер отқа төзімділігі II дәрежеден төмен емес арнайы жабдықталған бір қабатты ғимараттарда орналастырылады, ішкі қабырғасында терезе ойығы болады және жапсарлас өндірістік үй-жайлардан жанбайтын қабырғалармен бөлінеді. Жуу және сырлау цехтарынан жапсарлас үй-жайларға шығу ауа екпінінің түсуін қамтамасыз ететін шлюздің тамбуры арқылы жүргізіледі		
98	Жуу және сырлау үй-жайларын көп қабатты ғимараттардың жертөлелерінде, астыңғы және бірінші қабаттарында орналастыруға жол берілмейді.		
99	Бояу дайындайтын бөлімшелер сыртқы қабырғасында терезе ойығы жеке эвакуациялық шығу жолы бар және жапсарлас үй-жайлардан жанбайтын қабырғалармен оқшауланған үй-жайларда орналастырылады.		
100	Жуу және сырлау цехтерінің, сондай-ақ бояу дайындайтын бөлімшелердің едені жанбайтын, электр сымды, тұрақты және ұшқын шығармайтын, ерітінділерге төзімді етіп орындалады		
101	Жуу және сырлау цехтерінің және бояу дайындайтын бөлімшелердің жылу беру аспаптарының беті тегіс болуы және 95 ⁰ С артық қыздырмау қажет, қырлы радиаторларды қолдануға жол берілмейді.		
102	Жуу және сырлау цехтерінің, лакпен сырлау зертханаларының және бояу дайындайтын бөлімшелердің электр жабдықтары мен шырақтарын тек жарылыстан қорғалған күйде ғана пайдалануға жол беріледі.		
103	Жуу және сырлау цехтарында гидравликалық ілмекті тұндырғыштармен немесе тұзақтармен жабдықталған өрт қауіпсіздігі канализациясы қарастырылады. Соңғысы жүйелі түрде бояу қалдықтарынан тазаланып тұрады.		
104	Жуу және сырлау цехтары мен бояу дайындайтын бөлімшелердің жылжымалы технологиялық құралдары (сатылар, басқыштар, тақтайлар, арбалар) соққы және үйкеліс кезінде ұшқын шығудың алдын алатын қорғаныс қондырғысымен жабдықталады.		
105	Жұмысшылар мен қызметшілерге синтетикалық және жібек маталардан киім киюге, сондай-ақ жүзіктер мен білезіктер тағуға жол берілмейді		
106	Жұмысшылар ток өткізгіш аяқ киімдермен және статикаға қарсы білезіктермен қамтамасыз етіледі		

Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы:

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Бақылау субъектісі:

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар министрінің м.а.
2013 жылғы 8 тамыздағы
№ 350 бұйрығына
3-қосымша

Нысан

Әкімшілік объектілер үшін өрт қауіпсіздігі саласындағы тексеру парағы

Тексеру тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеру туралы акт _____

(№ , м е р з і м і)

Тексеру жүргізу мерзімі _____

Тексеру кезеңі _____

Ұйымның атауы _____

Объектінің атауы _____

Орналасқан жерінің мекен-жайы _____

ЖСН/ БСН _____

№ р/с	Талаптар тізбесі	Орындалғаны туралы белгі		Қажет емес
		орындалды	орындалмаған	
1	2	3	4	5
1. Ұйымдастыру іс-шаралары				
1	Олардың өрт қауіптілігіне сәйкес келетін өртке қарсы режимін белгілейтін бұйрықтың немесе нұсқаулықтың болуы, оның ішінде:			
	1) ашық отты пайдалану тәртібін анықтау және қауіпсіздік шаралары;			
	2) темекі шегуге арналған орынды анықтау және жабдықтау;			
	3) өрт сөндіру автомашиналарының объектіге өту тәртібін анықтау;			
	4) жанғыш қалдықтар мен тозанды жинау, май болған арнайы киімді сақтау тәртібін анықтау;			
	5) өрт болған жағдайда және жұмыс күні аяқталғаннан кейін электр жабдықтарын токтан ажырату тәртібін анықтау;			
	6) уақытша отты және басқа да өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу тәртібін реттеу;			
	7) үй-жайларды жұмыс аяқталғаннан кейін қарап шығу және жабу тәртібін реттеу;			
	8) жұмыскерлердің өртті байқаған кездегі іс-әрекеттерді реттеу;			
9) мамандықтар (лауазымдар) тізбесін анықтау, өртке қарсы нұсқаулық пен өрт-техникалық минимум бойынша сабақтар өткізу тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ оларды өткізуге жауапты адамдарды тағайындау.				
2	Өрт қауіптілік туралы шаралар туралы нұсқаулықтың болуы			
3	Өрт шыққан жағдайда адамдарды эвакуациялау жоспарларының (схемаларының) болуы			
4	Жекелеген жұмыс учаскелерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін (бұйрықтар, міндеттер, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық журналдар) жауапты адамдардың болуы			
2. Аумақты ұстау				

5	Адамдар уақытша болатын ғимараттарға екі жағынан өрт сөндіру автомобильдеріне арналған өту жолдарының болуы			
